

2017-2018 оқу жылындағы Новый орта мектебінің «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы мәлімет

"Қазақстан жас қанаты-Жас Ұлан" атты үш жылға арналған бағдарлама қорытындыланып, жаңа 2017-2018 оқу жылы қалалық "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына арналған "Ынта. Жігер.Серпін" бағдарламасы бойынша басталды. Осы бағдарламаға сәйкес жоспар құрылып, бекітілді.

Биылғы оқу жылында **5 қазан күні** мектеп Ұланбасының сайлауы өтті. Сайлау 5-11 класс оқушылары арасында жабық дауыс беру арқылы өтті. Сайлауға 7 адам қатысты:

1. Қуанышов Аралбек
2. Нарызбаева Әлия
3. Адайша Қадірбек
4. Дауылбай Орынай
5. Нығметова Айшат
6. Қуанышкерей Гүлназ
7. Қойшыбаева Әсемгүл

Сайлау комиссиясының мүшелері мектеп психологы Дауылбева Ғазиза және педагог-ұйымдастырушы Исаева Ақгүл. Сайлау қорытындысы бойынша 184 дауыспен **Адайша Қадірбек** ұланбасы болып сайланды.




21 қыркүйек күні "Оқушы үні" жобасы өтті. Бұл жобада оқушылар өз ойларын қағаз бетіне жазып, арнайы ұсыныс жәшігіне салды. Жәшікке салынған ұсыныс қағаздар мектеп кеңесінің отырысында талқыланып, жүзеге асырылды.



7.10.2017 күні ұстаздар күніне арналған "Ұстаз - ұлы тұлға" атты мерекелік іс-шара өтті. Мектеп кеңесінің оқушылары ұстаздарға арналған өздерінің гүл шоқтарын сыйлап, тілектерін айтты. Шара барысында оқушылар ән шырқап, би биледі.



12.10.2017 күні тәлімгерлерге арналған семинар - практикумде мектеп кеңесінің жұмысы туралы түсіндіріп, жинақталған папкалардағы фотожинақтар, құжаттарды көрсетіп, өз іс тәжірибеммен бөлісіп қайттым. Отырыс барысында оқушылар сарайының алғыс хатымен марапатталдым.



2017 жылдың 17 қазан күні Ақбөбек лагерінде "Жас Ұлан бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ақтөбе облыстық филиалының ұйымдастырумен "Ұланымыз ұлы елдің" тақырыбында облыстық форум өткізілді. Форумға Новый орта мектебінің мектеп кеңесінің белсенді оқушыларының бірі Нығметова Айшат қатысып, "ЕХРО-2017" тақырыбында өткен облыстық пікірсайыс турнирінде I орынға ие болды.



2017 жылдың 19 қазанында оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткен "Құтты мекен -Қазақстан" тақырыбында өткен құмға сурет салу байқауында 4 класс оқушылары қатысып, ІІІ орын иеленді.



26 қазан күні "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының белсенділерімен достық қарым- қатынасты нығайту мақсатында "KFC" барып қайтты.



Күзгі каникул кезінде, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында Новый орта мектебінің "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қолдауымен жарыс өтті. 5-8 кл оқушылар арасында футболдан, 9-11 кл арасында волейболдан жарыс өтті. Жарыс қорытындысы бойынша 8"б" класс оқушысы Жылқайдар Дәулет, 5 а класс оқушылары Аққазы Али мен Куспанов Сайфулла "Үздік қақпашы" номинациясын жеңіп алды.

5-6 класс бойынша футболдан

І орын - 6 б

ІІ орын - 5 а

ІІІ орын - 5 д

7-8 класс бойынша футболдан

І орын - 8 б

ІІ орын - 8 г

ІІІ орын - 7 в

9-11 класс бойынша волейболдан

І орын - 11 ә


ІІ орын - 10 ә

ІІІ орын - 9 б алды.

Ал волейболдан "Үздік ойыншы" атанған 10"Ә" сынып оқушысы Жұмалиев Рауан болды.



1 қараша күні Қазақстан жастарын әлеуметтендіру және дамыту бойынша жалпы ұлттық жобаны жүзеге асыру аясында "Жас Ұлан-2012" Гран при иегері, "Самғау" Жастар сыйлығының лауреаты Аманжолов Бекарыстан мырзамен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылар өздерінің ойларын ортаға салып, жас буын шығармашылығын шыңдау барысында түрлі жобалар мен бағдарлама ұсынды.



2017 жылдың 16 қараша күні оқушылар сарайының ұйымдастыруымен "Менің тандауым" қалалық әлеуметтік жарнама байқауына қатысып:

1. "Мейірімді жүрек" әлеуметтік үгітбригадadan II орын;
2. "Мейірімді жүрек" сурет салу бойынша III орын;
3. "Өз келешегімді өзім таңдаймын!" әлеуметтік бейнеролик номинациясы бойынша I орын иеленді.



19-21 қараша аралығында Астана қаласында Қазақстанның балалар құқығы жөніндегі уәкілі, парламент депутаты Зағипа Балиеваның ұйымдастыруымен "Балаға мейірімді Қазақстан" атты халықаралық форум өткізілді. Форумға ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев және парламент, сенат депутаттары қатысты. Форум аясында оқушылар ашық алаңда өз ойларын айтып, түрлі тренингтерге қатысты.



2017 жылдың 30 қараша күні оқушылар сарайының ұйымдастыруымен "Гордость Казахстана-Независимость!" тақырыбында презентация байқауында Жетпісбай Нұрәулет I орын алды.



1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні қарсаңында оқу - тәрбие процесінде технология сабағында өз қолдарымен жасаған бұйымдарын Ақтөбе облыстық балалар ауруханасында емделіп жатқан бүлдіршіндерге сыйға ұсынып, "Балаға күлкі сыйла" атты акция шеңберінде демеу көрсетіп, балаларға мерекелік құттықтауларын жолдады.



6.12.2017 күні ҰЛЫҚТАУ рәсімі өткізілді. 2 жыл қатарынан Ұланбасы қызметін атқарып келген Жұмалиев Нұржан биылғы Ұланбасы сайлауының жеңімпазы Адайша Қадірбекке салтанатты түрде төсбелгісін тақты.



8 желтоқсан күні "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен қоғамда өткізіліп жатқан қайырымдылық акцияларын насихаттау мақсатында "Classic forever" тақырыбында 9-11 класс оқушыларына арналған қайырымдылық би кеші өтті. Жиналған қаражат Алға қаласындағы балалар үйіне берілді.



8 желтоқсан күні 5 класс оқушыларын "Жас ұлан" ұйымына қабылдау алдындағы сынақ өткізілді. Оқушыларға түрлі сұрақтар қойылып, сұрақтан сүрінбей өткен оқушылар алғашқылардың қатарында болып "Жас Ұлан" ұйымына өтеді.



14.12.2017 күні № 31 қазақ орта мектебінде "Мәңгілік елім- Қазақстан" тақырыбында мектеп ұланбасылары мен тәлімгерлеріне арналған семинар- практикум өткізілді. Семинар триенингтер өткізіліп, мектеп кеңесі өздерінің іс- тәжірибелерін көрсетті.



15 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған "Тәуелсіздік ұлттық өрлеудің ұлы көші" мерекелік концерті ұйымдастырылды. Мерекелік шарада Новый ауылдық округінің әкімі Әлімбаев Алмаз Аманбайұлы еліміздің жас ұландары, ұлылығымызды ұлықтайтын, еліміздің мәртебесін өсіретін ұл-қыздарын тәрбиелеп отырғандары үшін ата-аналарға алғыс білдірілді. Мектеп кеңесінің оқушылары ҚР Тәуелсіздік күніне орай видеокұттықтау жіберді.



21.12.2017 жс Оқушылар сарайының ұйымдастыру -көпшілік бөлімінің ұйымдастыруымен "Жаңа жылға сыйлық" атты қайырымдылық кеші өтті. Кеште қойылымдар қойылып, ойын ойнатып, бүлдіршіндерге тәтті сыйлықтар табысталды



27 желтоқсан күні "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. "Жас Ұлан" ұйымы қатарына 90 жас қыран мен 62 жас ұлан қабылданды.



25-26 желтоқсан күндері мектеп оқушыларына арналған жаңа жылдық кештер ұйымдастырылды. Мерекеге "Самұрұқ" театры келіп, өз қойылымдарымен балаларды қуантты. Мерекеді оқушылар ән айтып, би билеп өз өнерлерін ортаға салды.



29.12.2017 күні Новый округінің жаңа жылдық шыршасы өтті. Шыршаға аз қамтылған отбасы балалары қатысты. Ұйым белсенділері түрлі ойындар ұйымдастырып, флешмоб билеп, көңілді күй сыйлады.



Биыл 3 жыл қатарынан мектебіміздің жас ұландықтары мектеп кеңесімен бірлесіп, "Жас Ұлан" ұйымын және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында "Энергетик" демалыс орталығына барып, демалып қайтты.



"Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының онкүндігі аясында мектеп кеңесі 7 бағыт бойынша түрлі іс - шаралар өткізді.

"Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының "Зерде" бағытының бөлімбасы Мубин Атымтай мен мектеп ұланбасы Адайша Қадірбек мектеп кітапханашыларымен бірігіп ұйымдастырылған 2 класс оқушыларына арналған "Кітап -біздің досымыз" атты кітапханаға экскурсия жасады.




3 кластар арасында "Руханият " бағыты бойынша "Біздің тату отбасы" сурет салу байқауы , 4кластар арасында "Отан" бағыты бойынша "Ата мен әже ісі-бізге өнеге" коллаж жасау байқауы өткізілді.



5 класс оқушылары арасында "Жеті жарғы" бағыты бойынша "Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!" атты тәрбие сағаты өткізілді.



6 кластар арасында "Зерде" бағыты бойынша "Ойлы болсаң, озып көр!" атты интеллектуалды байқау өткізілді.



7 класс оқушылары арасында салауат бағыты бойынша "Спорт -біздің досымыз" атты эстафета өткізілді.



"Вот какие мы" шығармашылық байқауында 6 класс оқушыларына құралған "Шабыт" спорттық топ өздерінің түрлі өнерін көрсетіп, II орынға ие болды.



24 ақпан күні № 58 мектепте "Жарқын күнге жол ашады" атты қалалық семинарға қатыстым.



1 наурыз - Алғыс айту қарсаңында ұйымдастырылған "Рақмет саған ..." облыстық бейне құттықтау байқауының "" бөліміне қатысып, I орын алдық.



2 турдан тұратын II облыстық "Ең әдемі ару- 2018" байқауына 10 а класс оқушысы Жолдыбаева Диана қатысып, өзінің ерекшелігімен көзге түсіп, жүлделі I орын ие болды.




XIII республикалық педагогикалық олимпиадаға қатысып, қалалық кезең - I орын, облыстық кезең-II орын, республикалық кезең- III орын алдық.



(қалалық)



(облыстық)



(республикалық)

27 наурыз күні 5-7 класс оқушыларына арналған "Мәңгілік елдің болашағы - жасампаз жастар" атты эстафета өткізілді.

МАҚСАТЫ :

- ✓1. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану
- ✓2. Мектеп кеңесіне үміткерлер іріктеу





"Салауат" бағытының бөлімбасы Қуанышов Аралбектің бастауымен "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Жас Ұлан" кубогі үшін 7-10 кл оқушылары арасында футболдан турнир өткізілді. Турнирге 7-10 кластардан құралған 10 команда қатысты.

Мақсаты:

- 1) Мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, әлемдік футбол ойынын дәріптеу
- 2) Жас ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын арттыру.
- 3) Оқушылар арасындағы мықты ойыншыларды және жеңімпаз командаларды анықтау.



"Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен мектепшілік Рубик текшесін жинақтаудан 1-11 кл оқушылары арасында спидкубинг турнирі өтті. Турнир 4 тур бойынша өткізілді. Барлығы 53 оқушы қатысты. Финалға керемет нәтиже көрсетіп, таңқалдырған оқушылар шықты.



17 мамыр күні қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен " Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының "Ынта. Жігер. Серпін" атты екі жылға арналған бағдарламаның I кезеңінің қорытынды концерті өткізіліп, алғыс хатқа ие болдым.



Биылғы оқу жылында облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан " Үздік класс", "Менің көшемнің тарихы" мектепшілік жобалары шықты. Сонымен қатар өзімнің іс-тәжірибемнің жинағы ретінде "Тәлімгер- тәрбиенің шамшырағы" атты әдістемелік құрал шығардым.



Аға тәлімгер:

Б.Әбдіқалықова

